

Құмарұлы Ясин

(жазушы, қоғам қайраткері, Қытай Халық Республикасының Үрімші қаласы)

Ежелгі түркі тайпаларындағы төтемдік аң-құстар: аңыздық негіздері

Аннотация

Мақалада грифон, көкбөрі (құсбөрі), тәңір ұғымдары мен атауларының төркіндестігі, сондай-ақ сақ, ғұн, үйсін, түріктердің бөрі төтемділігі және аттарының да бөріге байланыстылығы зеттеледі.

Түйін сөздер: түріктер, сақ, ғұн, үйсін.

Грифон және көкбөрі

Грифон (griffon) қазірге дейінгі анықтамаға сай жартылай арыстан, жартылай құмай немесе басы, қанаты құс, денесі арыстан аңыздық мақұлық (獅鷲). Біреулер грифонды жауыздықтың символына баласа, енді біреулер оны ізгіліктің (тіпті Христостың) нышаны біледі. «Этимология» атты еңбекте: «Христостың бір арыстан үйіткені онда теңдессіз парасат және құш-қуат бар, Христос әрі бір құзғын, үйткені ол қайта тірілген соң аспанға көтеріліп, ұжымаққа шығады» деп жазылады.

Грифон көбіне грек аңыздарында жолығады. Оның арғы және кейінгі заманғы мәдениет, этнос, т.б. танудағы орны маңызды. Ол қиыр шығыстың айдақары сияқты бір дәуір мәдениетінің символы. Десе де, грифон грек аңыздарында ғана сақталып қалмастан, басқа аймақтарда да кеңінен таралғандығы байқалады. Әсіресе оның археологиялық дерегі Орталық Азия өңірінен көп байқалады. Байырғы Еламдықтар оны архитектурада кеңінен пайдаланған. Геродоттың «Тарих» атты ұлы еңбегінде griffon бірнеше жерде жолығады, барлығы сақтарға байланысты. Геродот және сақтар жерінде грифонның әйгілі болғандығын да жазады. (IV.79) Тарихи деректерге, аңыздарға негізделгенде грифон Украинадан Орта Азияға дейінге скиф даласында болған деп қаралады. Сақтардың грифон әсем өнері туралы: сақ молаларында бар. Берелде, Пазырықта, Есікте, Алагуде, тіпті ғұндардың көші және жойқын жорығымен бірге қиыр шығыс жеріне дейін жеткендігі байқалады.

Геродот Исседондардың жоғарғы жағында аримаспы яғни жалғыз көзділер тұрады. Ал олар тұрған жерде алтынды қорып жатқан грифон болады десе, ол тағы, исседондардың аримаспы жағынан ығыстырылып, одан скифтер исседондар жағынан ығыстырылғандығын жазады [1].

Геродот «Бұл арадан шалғайдағы жағдайлар туралы мәліметтерді, тек исседондардың айтқандарынан ғана білеміз. Олар жалғыз көзділер мен алтын қорып жатқан грифон туралы әңгімелейді. Скифтер бұл әңгімелерді исседондардан естиді. Одан скифтер оны гректерге жеткізеді. Сонымен біз оларды жалғыз көзділер деп атадық. Скифтер Arimaspi дейді. «Arima» бір дегенді, «spi» көз дегенді білдіреді» дейді [2].

Жоғарыда айтқанымыздай, тарихи аңыздарға негізделгенде, грифон Украинадан Орта Азияға дейінге скиф (сақ) даласында болған. Геродоттың жазуынша: Европаның терістігіндегі жерлерде басқа әрқандай жерге қарағанда алтын мол. Алайда олардың оны қалай қолға келтіретіндігі белгісіз. Бір айтылымда, оны аримаспилер, яғни жалғыз көзділер грифоннан (Грек ертегісінде айтылатын мақұлық) ұрлап алатын көрінеді. Геродот айтып отырған Европаның терістігі біріден, алтынды алқап; екіден, жалғыз көзділер мекендеген жер; үштен, грифон бар жер. Демек ол – Дунайдан шығысқа қарай Алтай атырауын қамтыған өңір. Алтайдың алтын мекені екендігі тарихтан көп айтылып, көп жазылып келе жатқан жай. Тіпті, оның «Алтай» деген аты да алтынмен байланысты қалыптасқан деп қаралады.

Грифон сақтардың төтемі, қорғаушысы ретінде олар барлығын грифонға аманаттайды, барлық байлығы мен бақыты соның есіркеуі мен сақтауында деп біледі. Сондықтан олардың алтынын (дәулетін) қорушысы грифон болады. Геродот сақтар туралы: «Олар темір мен күмісті тұрмыс-тіршілігі үшін қолданбайды, өйткені оларда бұны елден кездестіре алмайсың. Оның есесіне алтын мен жездің көптігінде есеп жоқ» деп жазады [3]. Геродот жазғанындай, археологиялық деректерден сақ қабірлерінен алтын тым молынан шығады. Есік, Берел, Пазырық, Ыстықкөл, Алагу, Тұрпан, т.б. барлығынан осылай. Сонымен бірге бұл алтын әшекейлердің арасында қанатты барыс немесе қанатты бөрі кездеседі. Бұл алтын қорыған Грифон екендігі, алтын бұйымдарды, қасиетті қабірді сол грифон қориды дегенді білдіреді. Демек, гректер басқалардан естіген болса да Геродот дұрыс жазған.

Сонымен, грифон туралы да, жалғыз көзділер туралы да деректерді (немесе аңыздарды) гректер скифтерден естиді, ал скифтер исседондардан естиді. «Грифон» сөзінің тегін біз қазірге дейін білмейміз, ол туралы нанымды талдау да көрмедік. Осыған қарағанда бұл атау да Гректерге сақтар арқылы барған.

Грифонды «қанаты құс, денесі арыстан» дегенге сай, және жоғарда айтылған археологиялық деректерге сай, біз оны терістік көшпелілерінің байырғы төтемі қанатты барыс немесе қанатты бөріге байланысты болуы мүмкін деп болжаймыз.

«Грифон» атының этимологиясын батыс және түркі-моңғұл тілдерінен қуалау қиын. Ал, парсы тілінде «бөрі» (қасқыр) сөзі «горг» (گرگ), түркі тілдерінде

күрт/күрт түрінде жолығады. Алдыңғы буындағы бұндай үндестікке және грифонның қанаты құс, денесі арыстан (бөрі) делінуіне қоса, грифонды бөрімен байланыстыруға тіпті де дем бере түседі.

Грифон «гри» және «фон» екі бөлектен тұрады, «гри» сақтардың бөріні атауынан, «фон» да сақтардың «құс» немесе «қанатты» мағынасындағы сөзінен келген, бұл «ұшатын бөрі», «аспан бөрісі», «қанатты бөрі» деген сөз.

Бөрі сақтарда «күрг» делініп, біртіндеп оңтүстік сақтарда «горг», «гүрг» (парсы), терістік сақтарда (түрік) «күрт» немесе «ғүрг», тіпті одан да терістікте эстон (фин-угор тілдері) тілінде «хунт» (hunt) аталған. Сонымен кейін парсы тілінде «горг», түркі тілдерінде «күрт» немесе «құрт» болып қалыптасты.

Ал, сақтардың ұшу мағынасындағы «пыр» сөзі, сақ мәдениетінің тұтас шығыс-батысқа таралғаны сияқты, евразияның батысы мен шығысына кеңінен таралғаны байқалды. Парсыша *پر* (пәр) - құс қанаты, қанат; *پران* (пәrrән) – ұшатын; *پراور* (пәрвар) - ұшқыш, қанатты; *پرند* (перендэ) – қанатты, құс [4]. Қазақша пар (бу), парлану (буланып ұшу), парлау (атылу, ағу), парлап ұшу (биікте қалықтап ұшу), пырылдау (қанат қағу), «прақ» өте жүйрік ат (ұшатын ат, қанатты ат – пыр + ат. «пыр» - ұшу, қанатты); Ағылшынша fly – ұшу; Қытайша 飞 (фый) – ұшу; т.б.

Бұдан грифон (griffon) туралы аңыздың да, оның атының да гректерге сақтар арқылы, «грифон» (griffon), «горг пәrrән» «қанатты қасқыр, көкбөрі) немесе «(горг перендэ)» (бөрі құс, итқұс) болып жеткендігін білеміз.

Қасқырды парсы «горг», тәжік «гүрг», түркімен «гүрт», түрік «күрт», қазақ эпостарында «құрт» делінуінен, «қас+горг» → «қас+құрт» → «қас+қыр» барлығын бір нәрсе екенін білеміз. Яғни бөрі екіге бөлінген: бірі, киелісі - құс бөрі, аспан бөрісі, қанатты бөрі, ұшатын бөрі, көк бөрі - «грифон» (горг пәrrән, (горг перендэ); енді бірі «насыз бөрі» (қас бөрі), ол - «қас+құрт» → қасқыр. «Қазығұрт» тауының атында ғалымдар бөріге байланыстырады. Бәлкім Қазықұрт пен қасқыр бір сөз болар.

Және бір қызығы «грифон», «құрт», «қасқыр» аттары жағрафиялық жақтан бір өңірде (өз төркіні орталық азияда) ғана сақталған, бұл осы екі сөздің төркіндестігін, шыққан жерінің бірлігін тағы бір тұрғадан растай түседі.

Аңыздарда, грифон жартылай арыстан, жартылай құмай (құс) делінгенімен, алайда оның иттілігі де жолығып отырады. «Бруссел грифон иті» батыс аңыздарында көп ауызға алынады. Сақ әсем өнерінде де грифондар түгелдей жартылай барыс жартылай құмай (құс) деуге келмейді. Онда жартылай бөрі, жартылай құс деуге болатындары да баршылық.

Сақ өнерінде грифон бірде барыс басты, бірде бүркіт басты, бірде бөрі басты бейнеленеді. Батыс аңыздарында да бір де жартылай барыстылығы айтылса, бірде иттігі айтылады. т. б.

Грифон итінің (қанатты бөрінің) сақтармен батысқа ғана емес шығысқа қалай таралғандығының із-дерегі тіпті де айқан аңғарылады. Геродот жазған жалғыз көзділер мен грифон туралы дерек, сонау қиыр шығыстағы қытай деректерінен жолығады. Геродоттың «Тарих» атты еңбегімен қарайлас немесе одан сәл кейінгі, қытайдың жанго дәуіріндегі (б.з.б. 475ж - б.з.б. 221ж.) тарихи-жағрафиялық шежіресі - «Тау-теңіз шежіресінде»: батыста Иин тауында (阴山) «тәңір итінің» болатындығы баяндалады [5]. Ин тауы (阴山: Иншан) тарихта сол «Тау-теңіз шежіресінде» айтылған жалғыз көзділер – гүрлердің (鬼) мекені. «Тау-теңіз шежіресінде» тәңір иті жақсылықтың нышаны ретінде бейнеленеді. Алайда кейінгі қытай жазбаларында оны жамандықтың нышаны ретінде суреттейді. Мысалы, «Тарихи жазбалар Тәңір ордасында» тәңір итін қаскөй жұлдыз ретінде көрсетеді [6].

Қытайда тәңір иті туралы халық аңыздары көп таралған. Оның ең әйгілісі тәңір итінің «күнді жеуі» немесе «айды жұтуы» сияқтылар. Ерте заманда айдың немесе күннің тұтылуын тәңір итінің «күнді жеуі» немесе «айды жұтуы» себебінен болған деп қараған. Бұндайда, қытайдың орта жазық ел-жұрты дабыл ұрып, қағаз оқ атып «тәңір итін қуатын болған». Тіпті аңыздағы батырлар күнді жеуге ұрынған тәңір итіне садақ тартады. Тәңір итінің күн мен айды жеуіне байланысты аңыз терістік европа елдерінде де сақталған. Онда да тәңір иті тектес мақұлық сөз болады: Skollh және Hati атты екі алып бөрі соңынан қалмай күн мен айды қуады. Оны жұтқысы келеді. Бәлкім осы аңызды шығысқа да, батысқа да таратқан сақтар болуы мүмкін.

«Тәңір иті» аталымы мен аңыздары жапондарда да кең тараған. Онда ол жауыздықтың да, ізгіліктің де нышаны ретінде байқалады.

Тарихи аңыздарда, грифонның алып күштің иелілігі, қызылдығы айтылса, «Тау-теңіз шежіресінде» де, жапон аңыздарында да тәңір итінің түлкіге ұқсайтындығы сөз болады. Онда да оның бетінің қызылдығы, денелі, алып күштің иесі екендігі, қос қанатымен аспан астын еркін самғайтындығы айтылады. Әрине, жапон тәңір итінде «найзағай тәңір иті», «қарға тәңір иті», «ақ бөрі тәңір иті» сияқты түрлі түсті тәңір иттері болған. Бұл қазақта «итқұс», моңғұлда «тәрір нохай» (тәңір иті), қытайда «тиян-гу» (天狗: аспан иті, тәңір иті), жапонда «тәңір иті» немесе «тәңір түлкісі» деген атпен белгілі. Моңғұлдарда бөріні атаудың тағы «шыңғыс нохай», «шіна» сынды екі түрі де бар. Қазақта «итқұстан» тыс «қаракөк», «көкжал», «көксерік» т.б, түрлерінде жолығады.

«Ханнамадағы» «үйсін күнбиі Елжаудың нәресте кезінде далада қалып, қаншық қасқыр емізіп, аузына ет тістеген қарғалардың аспанда ұшып жүруіндегі», қасқыр мен қарға екі жануар емес, бір ғана қанатты бөрі – итқұс болса керек (жапондарда «қарға тәңір иті» бар). Жаң чияның (张騫) елден естіген аңызында не оның түсінігінде жаңылыс болған. Төтемдік бөрінің ұшатыны, оның көкпен, тәңірмен байланыстылығын ғұн тәңірқұтының «көк тәңіріне қосуға арнаған перизат қызының бөріге қосылуы», түріктің киелі бөріден пайда болуы, Оғыз ханға нұр болып түскен бөрінің жол бастауы, Шыңғыс ханға байланысты аңыздағы «түнде шаңырақтан нұр болып еніп, қасқыр болып шығып кетету» [7], қиыр шығыс аңыздарындағы «тәңір итінің» қос қанатымен аспан астын еркін самғайтындығы, т.б. аңыздар және жоғарда айтылғандай бөрінің қазақ-моңғұдардағы «итқұс», «көк бөрі», «тенри нохай» аталуларының барлығы төтемдегі бөрінің жай бөрі емес көк бөрі (аспан бөрісі, қанатты бөрі, итқұс, тәңірдің бөрісі) екендігін білдіреді. Тіпті оның тәңірдің өзімен байланыстылығы туралы төменде тоқталамыз. Төтемдік аңыздарда еш уақытта жай бөрі (қасқыр) сөз болмайды. Қайта, қазақта «итқұс», «көкбөрі», «көкжал», «қаракөк», «көксерік», моңғұлда «тенри нохай» (тәңір иті), «шыңғыс нохай» (шыңқұс иті), қытайда «тиян-гу» (天狗: аспан иті, тәңір иті), жапонда «тәңір иті» немесе «тәңір түлкісі» түрінде келеді. Грифон батыс дүниесінде, тәңір иті қиыр шығыстығы қытай мен жапонда төтемдік түс алмаған. Ал, оның нағыз бейнесі «көк бөрісі» тек сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, түркі-моңғұлдарда ғана төтемдік түс алған.

Бөрі төтемі және тәңір

Тәңір сөзі сонау екі мың жылдың арға жағында осы аталымы бойыша шүмер және қытай жазбаларында, кейінгі түрік бітіктерінде жолығады. Таңірі этнонимі жайында ерекше зор айырмашылық жоқ. Мысалы, татарлар теңірі, түркімендер таңры, түрік таңры, қазақ тәңірі, Башқұрт тәңіре, алтайлық тенгри, тенгери, шорлар тегри, хакастар тигир, тер, тувалар дээр, чуваштар тура, сахалар тангара, якуттар тангара, моңғолдар тэнгэр, буряттар тэнгэри, тэнгри, қалмақтар тэнгер, венгірлер теңгер, байырғы шумерлер дінгір деп атаған. Бұлардың барлығы жақын.

Түріктердің «тәңгір» сөзіндегі «таң» - аспан. Таң атты, таң жарық болды, арайлы таң, т.б. Ол баба түркі тілі арқылы қытай тіліне «тиян» (天) болып жеткені де белгілі. 天 иероглифі аспан, көк деген мағына береді. Ол қытайдың бейнелі жазуынан келген. Оның астындағы 大 адам бейнесін, үстіндегі сызық — адам төбесіндегі аспан дегенді білдіреді.

Ал, тәңгір дегендегі «гір» не мағына береді? М. Қашқаридің сөздігінде тәңір сөзінің үш мағынасы белгіленген: 1) құдай; 2) аспан; 3) ұлы үш мағынасы берілген.

Тәңір туралы талдаған ғалымдардың барлығы бұның алдыңғы бөлегін «таң» (тәң, тең) аспан, көк деп біледі. Ал соңғы қосымшасын әр түрлі жориды. В.П. Васильев тьянь аспан, ли ерекше күш – дейді. П.И. Паллади (Кафаров) пен П.С. Попова сөздігінде қытайдың тьянь эррь деген сөзі тьянли сөзімен өте ұқсас, аудармада бұл сөздің мағынасы көктің естуі, көктің ерекше сыйлығы. Т. Арын «Ат-тухвада» қытай сөздерінің ұшырасатынын айтады. Ғылымда белгілі болғандай тәңірі екі түбірден: тьянь аспан, рин адам деген сөз екен. Мұқанов: «Тәңірі» дегеннің өзі қанжұт (Тибет) тілінде «аспан» деген мағына беретінін айтады. Бір зерттеулерде таң және іңірдің бірікпесі деп қаралады. Тағы бір зертеуде, «Тәңір» сөзі екі түбірден: «таң» және «ертеден» деген сөздерден тұрады делінсе, «Таң» күннің туар, шығар уақыты, ал «ер» – күллі түркі тілдерінде ер, ержүрек, еркек, батыр деген мағынаны білдіреді» – деп қаралады [8]. Тәңір – аспандағы күн деген ұғым да біршама жалпыласқан. Демек, тәңір туралы қазірге дейін анық, бірлікке келген тұжырым жоқ.

Бәлкім бұл сақ тіліндегі бөріні білдіретін «грғ» немесе құрт (құрт) сөзімен байланысты болса керек. Олай болса, тәңгір «аспан бөрісі» (көк бөрі) болады. Бұған жоғардағы «грифон» туралы талдауымызды қоссақ, «тәңгір» (дінгір), «көк бөрі», «грифон» үшеуінің бір нәрсе, бір сөз болып шығады.

Қытайша «тиян-гу» (天狗) сөзінің де «тәңгір»-мен байланысы өте жақын. Ондағы тиян (天) тәңір дегендегі «таң» (аспан), ал қытайшадағы итті білдіретін «гу» (狗) иероглифі арғы ерте заманда «ку» деп дыбысталған. бұл «гр»-ге жуық. Иттің қытайша тағы бір жазылуы 犬 (арғы заманғы оқылуы «хун»), қытай тілінің арғы заманғы ерекшелігі – буын соңындағы «-р» дыбысы «-н» болып өзгереді. Осы бойынша байырғы сақтардың бөрісі «гrog» немесе «құрт» арғы заманғы қытай тілінде «хун» болуы табиғи. Егер осылай болса, қытай тіліндегі аспанды білдіретін «тиян» (天) да, итті білдіретін «гу» (狗) да, «хун» (犬) баба түркі (сақ) тілінен барған сөздер болады (қытай тілінің негізгі сөздік қорында баба түркі тілінен барған сөздер молынан жолығады).

Моңғұлша «тәңір ноқай» да, қытайша «тиян-гу» (天狗) да сақ өнерінде (алтын әшекейінде) бейнеленген қанатты мақұлықтың өзін қазақ тіліндегі «итқұстай» дәп басып бейнелей алмайды. Қазақта және «көк бөрі» деген сөз бар: бұл «көктің бөрісі» дегендік. Моңғұлдың «тәңір ноқайы» мен қытайлардағы «тиянгу» (天狗) осыған сайкес келеді.

«Уйнамада»: «қаңға – ежелгі қызыл тиектің жұрнағы. ... Олардың тілі азырақ айырмашылығы болғанымен ғұндарға ұқсайды. Олардың арғы аталары ғұндарға жиен келеді дейтіндер де бар» дей келіп, ғұн тәңірқұттың «көк тәңіріне қосуға арнаған перизат қызының бөріге қосылуы» туралы аңыз айтатыны баяндалады [9].

Бұл жердегі «қызыл тиек» қызыл ит мағынасында.

Бұл аңыздың ғұндар арқылы мадьярлық нұсқасы Аттиланың иттен туылуы туралы аңыз болып еуропаға басқа бір нұсқада жетеді. Оның Италиян нұсқасын А.Н. Веселовский баяндайды [10]. Демек, осы аңыздан да тәңір мен көк бөрінің байланыстылығын аңғаруға болады.

Бөрі төтемі және баба түркі этностары

Сақтар: Көшпелілердің бөрі төтемінің арғы деректері тым арыдан жолығады. Сақтардың бөрі төтемділігі туралы нақтылы дерек жолықпайды, Геродот тек сақ жерінің ең батыс терістігінде бір Неури (Neuri) атты тайпаның барлығын, «Олардың әдет-салтының сақтармен бірдейлігін, ... сақтар мен сақ жеріндегі гректердің айтуынша олардың жылына бірнеше күн бөріге айналып, онан соң қайта қалпына келетіндігін, сенбейін десең олар (сақтар, гректер) ант ішуге дейін баратындығын» жазады [11]. Бұл адамның бөріге айналғаны туралы ең арғы заманғы дерек. Бұл салты сақтармен бірдей осы халықтың бөрі төтемділігін, олардың жылына бірнеше күн өз ата тегі бөріше жасанып, бөріше тұрмыс өткізетінін ұғындырады. Екіншіден, жоғардағы грифонның қанатты бөрі екендігі сақтардың бөрі төтемділігін көрсететін тағы бір дәлел. Үшіншіден, Геродот парсылар барлық скифтерді сақтар деп атайтындығын жазады. Ал сақтардың атының қайдан келгендігі, оның нендей мағына беретіндігі туралы тарихтан бері оқымыстылардың арасында түрлі көзқарастар бар. Біреулер оларды патшаларының аты десе, тағы біреулер олардың көшпелілігіне сай қойылған ат, біреулер бұғы төтеміне сай қойылған ат десе, енді біреулері ол «күшті, мықты» деген сөз деседі. Тағы бір ғалымдар «сақ» сөзін парсының итті білдіретін سگ (сәг) сөзімен төркіндестіреді. Бұл сақтардың грифон (қанатты бөрі) төтеміне сай келеді. Қазақта да итке «сақпан» деп ат қоятын әдет бар, сондай-ақ сезгізлікті «сақ», «сақ құлақ», қорғаушыны «сақшы» дейді. Бұлардың барлығы итке байланысты келген сөздер болуы мүмкін. Төртіншіден, ғалымдар үйсіндерді сақтардың тармағы деп қарайды, олардың археологиялық мәдениетінде парық жоқ дерлік [12]. Ішінара ғалымдар жүңго жазбаларында кезігетін ерте заманда сақтар батысқа қоныс аударғанда, өз мекенінде шығыста қалған рун(允) фамииялы номды (戎) үйсіндердің арғы аталары деп қарайды [13].

Ғұндар да, түріктер де саққа байланысты екендігі тарихи деректерден жолығады. «Жоунамада» былай деп те айтады: «Түріктердің арғы аталары Ғұндардың солтүстігіндегі сақ (索国) елінен шықты» делінеді [14]. Шюе Зұңжың оны «Saka» сөзінен келген дей отырып, Сақ-тиграхаудалардың шығысқа көшкен тармақтарының Енисей өзенінің жоғарғы ағарында құрған мемлекеті болар деген межені айтады [15]. Ал ғұн, үйсін, түріктердің барлығы бөрі төтемді.

А. Сейдімбек қазақтың «қос мүйізді ескендір», «көк төбет», «көк бөрі», «аққу», «сарын», «өгіз өлген», «тарғыл бұқа» т.б. күйлер мен күй аңыздарын б.з.б. 5- 8 ғасырлар мен б.з. 6 ғасыры аралығындағы күйлер мен күй аңыздарына жатқызады [16]. Бұл жердегі «көк төбет» - аспан төбеті, «көк бөрі» - аспан бөрісі, бұл сақ дәуіріне тура келеді.

Ғұндар: Ғұндардың бөрі төтемділігі туралы шынайы дерек жолықпайды. Алайда, түрлі деректер ғұндардың бөрі төтемдігін аңғартады.

Бірінші, тарихи деректердегі ғұндардың арғы аталары саналатын этностар бөрі (ит) төтемді болып келеді. «Тарихи жазбалардың» «Бес бабалық шежіресінде»: «Терістікте хунктерді қуды» деген сөз жолығады [17]. Таң дәуірінің тарихшысы Сымасянь (司马贞) 《史记索隐》атты еңбегінде: «Хүнүк (羴粥) ғұндардың бұрынғы аты, олар Таң, Иү (唐虞: бес бабалықтың екі бабалығы) заманында (бес бабалық: б.з.б.26ғ - б.з.б.22ғ) таулық ном (山戎), хүнүк (熏粥), шия заманында (б.з.б.22ғ - б.з.б.17ғ) Зү ну-й (淳维), шаң заманында (б.з.б.17ғ - б.з.б.11ғ) гүр (鬼方), жоу заманында (б.з.б.11ғ - б.з.б.256ж) хамрүн (獫狁), хан заманында (б.з.б. 206ж - б.з. 220ж) ғұн (匈奴) аталған деп жазады [18]. Қытайдың Чиң династиясы кезіндегі әйгілі тарихшысы Уаң гуоуй (王国维) (1877ж – 1927ж) таяу заман қытай тарихындағы ғұндардың тегі туралы ең алғашқы зерттеу саналатын еңбегінде: түрлі деректерді ақтара отырып, шаң заманындағы киер (鬼方), шаң, жоу аралықтарындағы кун (昆夷, 獯鬻), батыс жоу заманындағы хамрүн (狫狁), чүнчиуден кейінгі ном (戎), тиек (狄), жауласқан бектектер (战国) заманынан кейінгі хулардың (胡) барлығы түгелдей ғұндармен тамырлас, бір ұлттың түрліше аталуы деп жазады [19]. Міне, осы көзқарастарды қытайдың кейінгі ғалымдарды да құптап келеді. Сондай-ақ телі (қаңлы), одан арғы ғұн және одан да арғы киер (鬼方)-лердің төркіндестігін дәлелдейді [20]. Қытай жазбаларында «Тиектің (狄) тегі Киер (隗) делінеді» (狄, 隗姓也) және Киердің (隗) тегі Қызыл тиек (赤狄) делінеді (隗姓赤狄也) [21] Бұл да айналып келіп киерлердің қызыл түске бейімділігін растайды. Қытай ғалымдары 犬 (ит) тайпасы мен Киер (鬼) тайпасын бір деп таниды (犬与鬼的相同性) [22]. Бұл арада Итном (犬戎) киерлердің (鬼) құрамында екендігі айтылады. Қытайдың байырғы түсіндірме сөздігі «Сөздерді түсіндіріп, әріптерді шешу»-де (说文解字) «Тиек (狄), Қызыл тиек (赤狄), иттің бір тұқымы» (狄, 赤狄, 本犬种) деп түсіндірген. Яғни қызыл ит. Осы иероглифтің сүйек жазуындағы бейнесі адам мен иттің қатар тұрған бейнесі болған. Сонымен Қызыл тиек (赤狄) «қызыл ит» немесе «кер ит» болады. «Итномдар (犬戎) өздерінің арғы аталарын екі ақ ит деседі, олар итті өз төтемі етеді» [23]. Байырғы қытайдың «Тау-теңіз шежіресі» (山海经), «Хуай нан зі» (淮南

子) сияқты тарихи жағрапиялық ескерткіштеріндегі терістіктегі «ақ тәнділер елін» ит ном (伏戎), киер(鬼方) сияқты ұлыстармен байланыстырады. Одан батыстағы тарихшылар жазып қалтырған орта азия тұрғындарына талдау жасап, ондағы жалғыз көзділерді (Arimaspi: 独目人) киерлермен (鬼方) байларыстырады. Киер елінің жалғыз көзділігі «Тау-теңіз шежіресінде» де жазылғын. Жалғыз көзділер бетіне бір тесік ғана шырғарып бүркеніш немесе дуылға киген ел [24].

Екінші, ғұндардың бөрі төтемділігі қаңлы аңызында жолығады. «Уйнамада»: «қаңға – ежелгі Қызыл тиектің жұрнағы. ... Олардың тілі азырақ айырмашылығы болғанымен Ғұндарға ұқсайды. Олардың арғы аталарын Ғұндарға жиен келеді дейтіндер де бар» дей келіп, ғұн тәңірқұт ай мен күндей сұлу қызын тәңірге қоспақ бөлғанда, күдіретше бөріге қосылатындығы туралы төтемдік аңыз баяндалады.

Үшінші, ғұнның атының өзі бөрі төтемділіген көрсетеді. Жоғарда ғұнның арғы аталары бес бабалық (б.з.б.26ғ - б.з.б.22ғ) хүнүк (熏粥), шаң заманында (б.з.б.17ғ - б.з.б.11ғ) гүр (鬼方), жоу заманында (б.з.б.11ғ - б.з.б.256ж) хамрүн (獫狁), хан заманында (б.з.б. 206ж - б.з. 220ж) хунна (匈奴) аталғанын көрдік [25]. Итном (犬戎) мен киерлердің (鬼) бірлігі жоғарда көрсеткен едік. Сонымен ғұнның аты арғы аталарынан бері қарай: хүнүк (б.з.б.26ғ - б.з.б.22ғ) → хуннум (б.з.б.17ғ - б.з.б.11ғ) → хамрүн (б.з.б.11ғ - б.з.б.256ж) → хунна (б.з.б. 206ж - б.з. 220ж) болады. Жалпы ғұндар мен олардың тегі әр заманғы ерекшелігіне сай қытайша әр түрлі иероглифтермен таңбаланған, ит, бөріге және арба, армияға байланысты жасалған [26]. Алайда оқылуында үлкен өзгеріс болмаған, барлығы «ғұн» немесе «хунну»-ға өте жақын.

Бұл арада бізді қызықтыратыны – ғұнның арғы атасы Итном (犬戎). Бұл арғы заманда «хуннум» деп оқылған. Мағынасы «ит», оқылуы «хун». Бұдан мыналады білеміз:

① «Хуннум» (犬戎: ит нум) кейінгі қытай тарихнамаларынағы ғұн (匈奴: хунна, хуннаг), грек жазбаларындағы Hunnoi, латын жазбаларындағы chunni, Huni, ағылшын жазбаларында: Huns, Армени жазбаларындағы Хунк, Орыс жазбаларындағы Гуынъ, арап жазбаларындағы Hun барлығы бір атау;

② ғұн сөзінің тегі бөрі (ит). Яғни, ғұнның өзі «ит ном» (犬戎: Хуннум). Қытайдың кейінгі тарихнамаларында сөздің мазмұнына емес, дыбысталуына қарай 匈奴 (хунна, хуннаг) деп таңбалаған. Бөрі (ит) мағыналы «ғұн» аты сақ-түркіше «құрт», парсыша «гrog», эстонша «hunt», фінше «hukka»-лармен дәл үндеседі. Ал, ит стонша «коер», фінше «koira», түрікше «k/pek», вепірше «kutya»

(қазақша: құтпан), данияша «Hund», исландияша «hundur», болғарша «куче», қытайша «гоу». Міне ит те ғұннан алыс емес. Фин-угор тілдерін алтай тілдеріне жатқызатындар да бар. Олай болмаған күнде де, бұл тілдің таралған өңірі де байырғы сақ жерінің терістік жиектерімен жалғасып жатады.

③ Қытай тілінде ғұнды таңбалаған 匈 иероглифі сол заманда «хун» деп дыбысталса, кейін «шун» ге өзгерген. Осы сияқты ғұнның атасы Хуннумды (犬戎) таңбалаған ит мағыналас 犬 да сол заманда «хун» деп дыбысталса, кейін «чуан» ге өзгерген. Бұл бөрі дегендегі «кұрт» (hunt) пен «шина» (шона) төркіндес екендігін дәлелдейді. Сөз басындағы «х» дыбысының «ш», «ч»-ға алмасуы байырғы шығыстық қасиет. Қытай тілінде 契丹: қытан>киаддан>чидан, ұйғұр диялектінде кір>чи, кім>чим, т.б. Сонымен, бөріні білдіретін батыстық «кұрт» (hunt, хун) шығыста біртіндеп «шина» (шона) болып өзгерген. Бұдан ғұнды білдіретін қытай сөзі 匈奴 дің бұрынғы оқылуы «хун ну» да, қазіргі оқылуы «шиноң ну» да бірдей итті немесе бөріні білдіреді, алдыңғысы «кұрт»-қа, «шына»-ға жақын. Бұдан шығатын қортынды: бөрінің шона, шына, чино, čina, сена аталуларының барлығы оның байырғы «кұрт» («кұрт» «хунт») атынынан өзгеріп барған. Яғни, құрт (кұрт, хунт) мен шына (чино, сино) бір сөз. Ғұн мен ашынаның бұндай бірлігінен, «түріктердің әулет есімі ашына, арғы атасы ғұндар еді» [27] дегеннің шындық екенін білеміз. Арғы заманда «ит» пен «бөрі» көбінде бір саналған, төтемдік жақтан да ит пен бөрі араласып кеткен. Аталулары да үнемі алмасып, араласып отырған. Моңғұша шына – бөрі, маңжуша (A)čina – ит; түркі, фин-угор тілдерінде құрт, хунт – бөрі, қытай тілінде хун (犬) – ит; бөрі қазақта бірде «итқұс», моңғұлда бірде «тәңір нохай» (нохай – ит), т.б.

Ашына туралы болжамдар көп: 1. Қытайша құрмет мағынасын білдіретін «а» мен моңғұлша «чино» - бөрі сөзінен жасалған (Лев Гумилев); 2. Ačino - он бөрі деген моңғұл сөзімен қатысты (П. А Будберг), 3. Хотан-сақ лексикасындағы көк түс деген мағынадағы Aššena, Aāšna сөздерін білдіреді (С. Г Клияшторни, Қаржаубай Сартқожа ұлы); 4. Asana - тохар тілінде ақ сүйек деген мағынада (Ли мейсүн), 5. Ačina - манжу тілінде ит деген мағынада (Шадыман Ахмет ұлы) [28]. Іш жүзінде бұлардың барлығы бір сөз, ит пен бөрі төтемдік мағынада «ақ сүйек», «қаракөк» орнында пайдаланылуы да бар құбылыс.

④ Ғұндарды қытайдың орта жазығы бөріге теңейді. Хан патшасы Хан Уди: «тәңір құттың туын құлатып, бөрінің (符离) апанын көрейік» дейді [29]. Бөрі деп ғұндарды айтады. Қытайдың көптеген тарихи еңбектерінде түріктер «ғұндардың тұқымы» (匈奴之别种) екендігі жазылады [30]. Ал түріктер әйгілі бөрі төтемді ұлыс. Ал үйсін мен қаңлының (高车) бірін ғұндар асырап алады, бірі ғұнның тұқымы делінеді. Бұл екеуі де бөрі төтемді. Осыларға сай ғұнның бөрі төтемділігін,

оларда да осы туралы аңыз болғанын, Атиланың аңызы соның жалғасы екенін білеміз.

⑤ Ғұндар бөріні құрметтейді, киелі көреді. Бұның дәлелі, үйсіннің күнбиі Елжауды нәресте шағында, жау шауып далада қалғанда, бөрі асырап жүргенін көрген ғұндар, киелі жан екен деп асырап ержеткізеді, елін-жерін қолына алып береді.

Үйсіндер: Үйсіннің бөрі төтемділігін де бірнеше жақтан білеміз:

Бірінші, аңыз. «Тарихи жазбаларда»: «Көктің ұлы Бактрия және басқа елдердің жағдайын Жаң Чяннан бірнеше мәрте сұрады. Жаң Чян осы кезде бек мәртебесінен айырылған еді. Ол: «Пақырыңыз Ғұнда жүрген кезінде Үйсін ханының «күнби» деп аталатынын естіген еді. Күнбидің әкесі Ғұнның батыс жағындағы шағын елді билеген екен. Ғұндар шапқыншылық жасап, күнбидің әкесін өлтіріпті. Жаңа туған нәресте күнбиді иен далаға тастапты. Кейін көрсе, ет тістеген қарғалар оның үстінен шырылдап ұшады екен. Көк құртқа келіп оны емізіп тұрады екен. Бұған қайран қалған тәңірқұт оны киелі бала екен деп танып, оны өз қолында бағып ержеткізіпті» делінеді [31].

Екінші, «Ханнамада» үйсін уаңының «бөрі» (拊离) аталатыны жазылған [32]. Үшінші, үйсіннің де ғұндар сияқты аты бөріге байланысты. 乌孙 (үйсін) иероглифтерін «асин» деп оқу негізінде бірқатар зерттеушілер бұл транскрипцияны орта азия тарихынан мәлім асиян этнонимі деп білуге бейім [33]. Ежелгі грек авторлары жазған сақтардың тармаға «исседон» яки «асси»-ды кей ғалымдар ғалымдар «үйсіндер» деп дәлелдейді [34]. Қытай тарихнамаларында да: «үйсіндердің ішінде сақ тайпалары да, ұлы иұз тайпалары да бар» делінеді [35]. Жапон оқымыстысы Сиратори Куги зерттеулерінде, түріктердің ашына әулетінің аты дәл түрік тіліндегі ashina сөзінің баспа-бас алынуы дейді. Ол көне қытай тілінің дыбысталу заңдылығына сай, үйсін (乌孙) ұлысының атын да «секіру» мағынасындағы ashina, ashina сөздерінен келген деп қарайды. «Ханнамада» үйсіннің далада қалған баласын бөрі асырайды. «Сүйнамада» Түріктің арғы аталарының әулет есімі – Ашина екендігі, олардың ата тегі далада қалған нәресте ұлды киелі қаншық бөрі асырап, кейін ол бөрімен жақындасудан пайда болғандығы жазылады. Бұл екі аңызда бір түрлі ішкі байланыс бар. Екеуінде де далада қалған баланы бөрі асырайды, бірінің аты Үйсін, бірінің арғы тегі Ашына. Демек, бөрі, үйсін, ашына үшеуі бір тұлға. Ашына мен бөрі бір нәрсе, ал үйсін атын да жоғарда көрсетілгіндей ғалымдар Ашынамен баламалайды, парық тек оның мағынасында ғана. Жу Шуеюан мырза да «Жоунамада» түріктердің арғы атасы саналған ғұн елінің солтүстігіндегі сақ (索) елін үйсін күнбиі Нэнду би қайтыс болғанда Жегісуға көшпей ғұндардың ішінде қалған үйсіндердің бір бөлігі

болуы мүмкін деп қарайды [36].

Қаңлылар: «Уйнама»-да: «Қаңға (高车) – тегі қызыл тиектердің (赤狄) жұрнағы. Басында олар деглек (刺勒 diek liek) деген наммен аталды. Солтүстікте оларды теглек (敕勒 t'iek lək), қытайлар қаңға (高车), деңлең (丁零) деп санайды» делінеді [37]. Жоғардағы «Киердің (隗) тегі Қызыл ит (赤狄)» және ««Қаңға (高车) – тегі қызыл ит (赤狄)» дегендердің барлығы, біріншіден, керей кері түспен байланысты, екіншіден, керейдің төтемі итпен (керит немесе кершулан) байланысты деген көзқарасымызды растай түседі.

Арғы заманда орта жазықтың терістігіндегі ұлттардың жалпы аталуы Тиек аталып, 狄 иероглифімен таңбаланған. Бұл иероглиф сүйек-сауыт бейнелі жазуында ит пен адамның біріккен көрінісіне болған. Осы иероглиф «Сөздерді түсіндіріп, әріптерді шешуде» (说文解字): «Қызыл ит, иттің бір тұқымы» (狄, 赤狄, 本犬种) деп түсіндірілген, кейінгі мамандар да осылай оқыған.

«Уйнамада»: «қаңға – ежелгі Қызыл тиектің жұрнағы. ... Олардың тілі азырақ айырмашылығы болғанымен Ғұндарға ұқсайды. Олардың арғы аталарын Ғұндарға жиен келеді дейтіндер де бар. ... Олар мынадай аңыз айтады: ғұн тәңірқұттың ай мен күндей екі сұлу қызы болған. Халқы оларды перизатқа есептеген. Тәңірқұт: «Мұндай асылзада аруларды жай адам баласына қоссам келіспес, бұларды көкке қосайын» дейді. Сөйтеді де елінің солтүстігіндегі бір иенге мұнара тәрізді үй салғызып, «Көк тәңірі өзің қабыл алағөр» деп екі қызын сонда орналастырады. Арада үш жыл өткенде қыздардың анасы оларды қайтарып әкелуге тілек білдіреді. Оған тәңірқұт: «Жоқ, олай істеуге болмайды, әлі уақыты жетпеді» деп көнбейді. Арада тағы бір жыл өткенде, бір жасамал арлан қасқыр келіп, мұнара үйдің астынан ін қазып алып, оны күндіз-түні ұлып күзететінді шығарды. Мұны көрген кіші қызы «Бізді әкеміз көкпен зауықтас болуға осында орналастырды. Қазір міне бір қасқыр келді. Бұл да бір тегін емес, көктің құдіреті шығар» деп оған баруға оқталады. Зәресі ұшқан апекесі: «Бұл айуан ғой, мұнымен шатылып ата-анамызды масқараласаң бола ма?» дейді. Сіңлісі оның тілін алмай, қасқырға барып жақындасып, одан ұл туады. Сол ұлдан өнген ұрпақ өсе-өсе өз алдына мемлекет құрады. Сол себепті олардың елі әнді ұлыған қасқырдай әуендетіп созып айтқанды ұнатады» делінеді [38].

Түріктер: Түріктің бөрі төтемділігі ең жан-жақтылы. «Сұйнамада»: түріктер туралы «Олардың Әулет есімі – Ашна. ... алтынтауды мекендеп темір қорытумен шұғылданды. Алтынтаудың пішіні дулығаға келіңкірейді. Дулыға түрік деп те аталады. Сондықтан бұл олардың аты болып қалды. Былай деп те айтады: Олардың арғы аталары Батыс теңіздің жоғарғы жағында мемлекет құрып еді. Кейін оны көршілес мемлекеті талқандады да, адамдарын ер-әйел, кәрі-жас демей

түгел қырды. Тек бір ер баланы өлтіруге қимай аяқ-қолын кесіп иен далаға апарып тастады. Бір қаншық қасқыр үнемі ет әкеліп беріп тұрды, соны талғажау еткен бала өлмей аман қалды. Кейін келе, ол қасқырмен жақындасып оны буаз қылды. Көршілес мемлекеттің ханы бұл баланы өлтіруге қайта жіберген адамы баланың қасынан шықпайтын әлгі қасқырды байқап, оны да өлтірмекші болды. Сол тұста әлгі қасқыр құдіретше қалықтап отырып теңіздің шығыс жағына келіп тоқтады да бір тауға келіп түсті. ... Осыдан кейін қасқырдан он ұл туды. Солардың біреуінің әулет есімі Ашина еді. Өте ақылды болғандықтан елі оны хан көтерді. Тегін ұмытпайтындығын білдіру үшін, ол бөрі басы айшықталған туын қақпасына іліп қойды» делінген [39]. Осындай баян «Солтүстік әулеттер тарихында» да баяндалған. Жалпы алғанда, түріктердің бөрі төтемі туралы тарихи деректерде көп айтылатыны: бөріден туған; бөрі басты ту ұстанған; әскер басын, батырын бөрі атаған; әскерін бөріге теңеген. Біздің бұл арда және де түріктің аты мен төтемі (бөрі) аралығындағы байланысқа үңілеміз.

Тарихи деректерге қарағанда түрік қағандығын құрған ашын (ашына) тайпасының қол астына шоғырланған тайпалар Алтай тауын мекен еткеннен кейін түрік атанған. «Түрік» атауы көне түркі құлыптастарында «Krut», «qrut», «Xrut» сияқты бірнеше түрлі таңбаланған. Ал, қытайша «突厥», арабша «ترك» (6-ғасыр), грекше «tourkrc» (6-ғасырдың соңы), сирияша «turkaje» (6-ғасырдың соңы), санскритше «turuska», пракритш «turukka» (6-ғасыр), парсыша «turk» (8-ғасырдың орташени), соғдыша «turk» (9-ғасырдың бас шени), тибетше «durg» немесе «dru-gu» (8-9-ғасыр), көне хотан тілінде «ttruki немесе tturk» (7-9-ғасырлар) деген сияқты дыбыстық аудармалармен алынған [40]. Жоғарда көрсетілгендей байырғы қытай тарихнамалары «Жоунама» мен «Сүйнамада»: «... Алтай тауының пішіні дулығаға (整) ұқсайтындықтан, бұл маңда жасаған ру-тайпалар осы атпен аталған, кейін келе бұл сөз түрік (突厥) болып қалыптасқан» делінеді [41]. «Түрік тілі сөздігінде»: «Түрік - тәңір жарылқаушы Нұқтың ұлының аты. Бұл атты тәңір өзі қойған. Оның ұрпақтары да (түрік) деп аталады» деп жазады [42]. (42) Осымен сәйкес қазақ аңызында да, дүниені топан су басқанда, Нұқ пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауының басыны тоқтаған делінеді. Бұлардан да тәңір, Нұқ және құрттың (бөрі) байланысын аңғарамыз.

Кейінгі тарихшылар түрік атының төркінін әр түрлі жорыды: Бас киім мағынасынан шыққан. Күшті, қуатты, құдіретті деген сөз [43]. Орхон-Енисей ескерткіштерінде кезігетін заң-жарғы мағынасындағы «түрү» сөзіне байланысты [44]. Tigra-houda сақтарымен байланысты, «tigra» сөзі фонетикалық өзгеріске түсіп, «türk» немесе «türg» болып қалыптасқан [45]. Бұлардың барлығының өзіндік негізі бар.

Десе де, өз басым түріктің аты оның төтемімен, ата-тегі туралы түсінігімен,

тарихи жазбалардағы төркіні туралы баяндармен және оның атының таңбалануымен байланысты болса керек деп ойлаймын. Түріктің төтемі бөрі (ашына, көкбөрі, тәңгір), ата-тегі туралы көк бөрі аңызын айтады, сиынатыны тағы тәңгір (көк бөрісі), ал байырғы қытайша таңбалануы да осыны растайды. Түріктің атын қытайлар түрік деген дыбысталуына сай 突厥 көрінісіндегі иероглифпен таңбалаған. Бұның бастысы алдындағы 突 иероглиф. Осы иероглифтің алғашқы сүйек-сауыт жазуындағы көрінісі үңгірден шығып келе жатқан бөрі. Дәл түріктің бөріден өрбіп, үңгірден шыққан төтемдік аңызына сай келеді. Осы 突 иероглифінің үстінгі бөлегіндегі 穴 қытай тілінде қазір де жартас жақпары, үңгір, түз тағысының апаны, ін сияқты мағыналар береді, ал астындағы 犬 ит мағынасын (көбінде аңшы, текті ит) береді. 犬 нін арғы заманғы оқылу «хун» (қытайдың қазіргі гуанжоу диялектінде де «хун») - жоғарда баяндағанымыздай «құрт» қа байланысты, ал қазіргі оқылуы «чуан» - шино, синоларға байланысты (құрт пен шино байланысы туралы жоғарда баяндағамыз).

Қазақта «иттен туып, іннен шыққан» деген сөз бар. Иті әдетте ін қазбайды, інде жатпайды, ол ашықта жатады, ел-жұртты күзетеді. Сондықтан бұл тым арғы заманнан келе жатқан қасқырға қаратылғын сөз тіркесі. «Алаш» та бастабында жақындық, қандастық атау болса, кейін алыстықты білдірген атауға айналған.

Сонымен түрік: таңгр (тәңгір, григфон) → түңгр → түгрк → түрік болу мүмкіндігі ең жақын. Түркі тілдерінде сөз арасында қатар келген «гр» дың «рг» болып орын алмасу құбылысы да байқалады. Мысалы, ұйғұр>ұрғұй (диалект), Мекрит>меркіт, жоғарда Шье Зонжұң да «tigr»> «türg» дегенді қуаттайды.

Ғалымдардың түрік «күшті», «күдіретті» дегеннен келген деуі де оның тәңірмен, төтеммен байланыстылығын айғақтайды. Батыс деректерінде Шығыс римдік Агатиастың (Aghathias: 528-жылы қайтыс болған) еңбегінде «көк түрік» деген атпен жолығады. Бұл да көкпен тәңірмен байланысты аңғартады. Махмұт Қашқари жазғанындай «бұл атты тәңір өзі қойған. Оның ұрпақтары да (түрік) деп аталады». Түркі-моңғолдардың байырғы ұғымында барлығы Тәңірдің бұйрығымен болады. «Көкте - Тәңір, жерде - хан ие», ... түрік бітіктеріндегі «Тәңірі текті Тәңірі жаратқан Білге қаған сөзім...» , «анам қатынды көтерген Тәңірі, ел берген Тәңірі, Түркі халқының атақ-даңқы өшпесін деп мені сол Тәңірі қаған отырғызды» деген сөздердің барлығы осының айғады.

Араб географы Әл-Мәкдиси (10-ғасыр) орта азидағы түріктердің діні туралы былай деп жазады: «түріктер бір тәңірі бар, яғни «тәңір біреу» дейді. Олардың кейбіреулері тәңір дегеніміз зенгір көктің атауы деп пайымдаса, енді біреулері тәңір деген көктің нақ өзі дейді». Ғұндар, түріктер дәуіріне жеткенде, «тәңір» сөзі әлде қашан абстракт мағына алып үлгірген. Өйткені ол сонау неше он ғасыр

бұрынғы шумер жазбаларында жолығады. Ал алғаш «діңгір» сөзін жазып кеткен шумерлерді көптеген ғалымдар орта азия сақтарымен төркіндестіреді. Ал, қытайлар түріктің атына сай иероглифті дәл тауып қойған да, үйсін мен ғұнның атына сәйкес иероглифті емес, оны тек дыбыстық жақтан ғана таңбалаған.

Семиттер де, үндіевропалықтар да, угрофиндер де Итке табынбағанын білеміз [46]. Ал, бөрі (итқұс) ғұндардың, үйсіндердің ата-тегі ретінде баяндалса, одан мың жылға жуық кейінгі түріктерде аңыздық шежірелерінде бөріні ата-тек ретінде әңгімеленеді. Римге жорық жасаған Оғызханға көк бөрі жол бастайды. Ал, одан мың жылдан астам кейінгі қазақ тайпалары бөріге сиынады, текті асылзадаларын «қаракөктің» (бөрінің) тұқымы деп атады. Қабанбай, Жәнібектей алып батырлардың «бөрі иесі» болады.

«Қобыланды» жырында; Тайбурыл атты жетелеп, Қобыландыдай бөрінің, Бұлайдаған қыз Құртқа алдынан кетіп барады,- деген жолдар да осы ойды дәлелдейді. құртқа деп көне кезде қасқырдың ұрғашысын атағанын тағы білеміз. «Қыз Жібек» жырында - «Сырлыбайдың алты ұлы, алтауы да бөрі еді», – деп жырланады. Ғалымдар қазақтың «көкпар тартуын» әскелерін көк бөрідей шайқасқа жетілдіру машығынан келген деп қарайды [47].

Тарихта сақ, ғұн, үйсін, түріктің ғана ата-тегі көкбөрі саналып, ұлыс аты көбөріге байланысты аталған жоқ, олардың соңғы ұрпақтарында да бөріге (итке) байланысты ат күні бүгінге дейін сақталып келеді: башқұрт, ноғай (нохай), адай, арғұн, ителі (ру), итемген (ру) тағы басқа ұлттар мен рулардың аты молынан жолығады.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан: « ... Бөрінің етіне жерік болып туған баланы жұртшылық мақтан қылып, оған «маңғыс» (маңғыт), «ноғай» деген ат береді. Мұндағы «Маңғыс», «ноғай» деген сөздер бір кезде «бөрі» (көк аспан) мағынасын білдірген. Ерте замандағы «бөрі құс», «маңғыт» бергі кезде «ит-құс», «көктің құсы» деген мағынада туған. Жұртшылық өзінің ардақты батырын қасиеттеу үшін, «ман», «шын», «бөрі», «құс» сөздерін қосып, онымен жұрт ағасы болған иналдарын атайтын болған. «Манғыс», «Шыңғыс», «бөрі құс», -бөрі «аспанның», «көктің», «шынның», «биіктің» құсы деген мәнде «Шыңғыс», «Маңғыс» деген сөздер «биіктегі кісі» мағынасында «таң - ері» (тәңірі), «көктің алыбы» саналып, ғұндардың бектері осылай аталатын болған. «Шыңғыс», «Маңғыс», «төңірі» ескі гректің «уран», «нептун», «сатурн» сияқты ұғымдарына орайлас», - деп жазды [48].

Жоғарда, грифонның қызылдығын, арғы баба түркі тайпаларының қызыл итке сиынатындығын айтқан едік, осы тарихи жағыдайлармен таңғажайып сәйкесетін құбылыстың бірі, қырғыздар өздерін қызыл тазының (қызыл тайған) ұрпағымыз

деп есептейді, өйткені бекзада қыз бен оның 40 нөкер қызы сол Қызыл тазымен көңіл қосқан екен. Қырғыздың тағы да басқа бір аңызы бойынша, сол бекзада қыз бен оның шашбауын көтерген қырық қыз Ыстықкөлдiң ақ көбiгiнiң дәмiн татып, бәрi жүктi болыпты. Сiрә, Ит қырғызша «ак көбiк»- ақ кобок. Тобыл татарларының қаһарман арғы тегi Ак-кобок (Ақ Төбет) аталады. Ак-ноғайлар өздерiнiң арғы тегiн - ақ кобок (Ақ Төбет) деп санайды. Оғыз-қарлық диалектiлерiнде -«кабок» (көбек, кобяк) - төбет, ит [46].

Әдебиеттер

- 1 Геродот. Тарих. IV. 13.
- 2 Геродот. Тарих. IV. 27.
- 3 Ежелгi Қазақстан – Алматы: Аруна баспасы, 2004. – 32-33-б.
- 4 Жеменей И. Парыша-Қазақша сөздiк. Алматы, Кiтап «Зерде», 2003, 103-106 б.
- 5 《山海经·西山经》载 («Тау–Теңiз шежiресiндегi» қытайша мәтiнi): «又西三百里, 曰阴山。浊浴之水出焉, 而南流于番泽。其中多文贝, 有兽焉, 曰天狗, 其状如狸而白首, 其音如榴榴, 可以御凶。»
- 6 《史记·天官》载 («Тарихи жазбалардағы» қытайша мәтiнi): «天狗状如大奔星, 有声, 其下止地类狗, 所堕及炎火, 望之如火光, 炎炎冲天。»
- 7 Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. – СПб.: Петроград, 1917.
- 8 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсiп шығармаларындағы мифологиялық лексика. Монография. – Павлодар : Кереку, 2008. – 3 том. – 116 б.
- 9 «Уйнама» 103 бума, 91 баян.
- 10 Веселовский А. Н. История романа и повести. – СПб.: славяно-романский отдел, 1888. – Вып. 2. –307-315-бб.
- 11 Геродот, Тарих. IV.105.
- 12 Уаш Миңжы, Уаң Биңхуа. Аударған Н. Мұхаметқанұлы. Үйсiн туралы зерттеу. – Күйтүн: Иле халық баспасы, 2009. 344 б.
- 13 余太山: 《古族新考》, 北京, 中华书局. – 2000年. – 6月.
- 14 «Жоунама» 50 бума, 42 баян, түрiк.
- 15 Шюе Зұңжың «Түрiк тарихы» қытайша. Бейжиң: Қытай гуманитарлық ғылымдар баспасы, 1992. – 49-51 бб.
- 16 А. Сейдiмбектiң филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесiн алу үшiн дайындалған диссертациясының авторефератынан.
- 17 《史记·五帝本纪》。
- 18 唐·司马贞《史记索隐·卷一》。
- 19 王国维: 《鬼方昆夷獫狁考》。
- 20 余太山: 《古族新考》, 中华书局. – 2000年.

- 21 韦注。
- 22 余太山: 《古族新考》, 中华书局. - 2000年, 北京. - 89页。
- 23 范文澜: 《中国通史简编》第一卷。
- 24 Йү тайшан: «Байырғы ұлысты тыннан зерттеу», Бейжиң , Жұнхуа шужүй, 2000. 99-103 б.
- 25 唐·司马贞《史记索隐·卷一》。
- 26 Құмарұлы Я. Ғұн атының генезисі туралы // Отан тарихы. – 2009 – №4. – 179-188 бб.
- 27 «Сүйнама», 84 бума, 49 баян, Теріскей тиек – Түрік.
- 28 Шадыман Ахметұлы «Кес сөзінің этимологиясы», «Шижиң Қоғамдық Ғылымы». – 2012. – 4 сан.
- 29 《北堂书抄》卷十三曹丕引《典论》论汉武帝亦云: «刈单于之旗, 探符离之窟»。
- 30 «周书», «北史», «通典», «太平寰宇记» т.б.
- 31 «Тарихи жазбалар» 123 бума, 63 баян, Дад-уан.
- 32 《汉书·西域传》。
- 33 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 2010. Бірінші том. – 248 б.
- 34 余太山: 《古族新考》, 北京, 中华书局. – 2000年. – 53-76页。
- 35 «Ханнама батыс өңір шежіресі», 66-тарау.
- 36 [美]朱学渊: 《中国北方诸族的源流》, 北京, 中华书局, 2002年5月。
- 37 «Уйнама» 103-бума, 91-баян.
- 38 «Уйнама» 103 бума, 91 баян.
- 39 «Сүйнама», 84 бума, 49 баян, Теріскей тиек – Түрік.
- 40 Кляшторный С.П. «Көне түркі руникалық жазуымен жазылған құлыптастар», қытайша, Харбин, Хилонжияң оқу-ағарту баспасы, 1991. 16-, 26-, 27 бб.
- 41 «Жоунама» 50-тарау. «Сүйнама» 84-тарау.
- 42 Махмұт Қашқари: «Түркі тілдер сөздігі», ұйғұрша, Үрімжі, Шинжаң халық баспасы, 1983. – 1том. – 455 б.
- 43 Тенишев Е.Р. «Түрік тілдерін үйренуге кіріспе», қытайша, Бейжиң, Қытай гуманитарлық ғылымдар баспасы, 1982. – 3-4 б.
- 44 Бартольд В.В. «Орта Азиядағы халықтардың тарихы жөніндегі он екі лекция», қытайша, Бейжиң, Қытай гуманитарлық ғылымдар баспасы, 1984. – 29 б. Ма Чаңшу: «Түркілер және түркі қағандығы», қытайша, Шаңхай, Шаңхай халық баспасы, 1957. бірінші беттегі ① ескерту.
- 45 Шуге Зұнжың: Түркі тарихы / Бейжиң, Қытай гуманитарлық ғылымдар баспасы, 1992. – 13-б
- 46 Олжас Сүлейменов. Аз и Я. – Алматы: Еңбек сауда-саттық үйі, 1992. – 253 б.

References

- 1 Gerodot. Tarih. IV. 13.
- 2 Gerodot. Tarih. IV. 27.
- 3 Ezhelgi Kazakstan – Almaty: Aruna baspasy, 2004. – 32-33-b.
- 4 Zhemenej I. Parysha-Kazaksha sozdik. Almaty, Kitap «Zerde», 2003, 103-106 b.
- 5 《山海经·西山经》载(«Tau-Teniz shezhiresindegi») kytajsha matini): «又西三百里，曰阴山。浊浴之水出焉，而南流于番泽。其中多文贝，有兽焉，曰天狗，其状如狸而白首，其音如榴榴，可以御凶。」
- 6 《史记·天官》载(«Tarihi zhazbalardaғы») kytajsha mätini): «天狗状如大奔星，有声，其下止地类狗，所堕及炎火，望之如火光，炎炎冲天。」
- 7 Potanin G.N. Kazak-kirgizskie i altajskie predaniya, legendy i skazki. – SPb.: Petrograd, 1917.
- 8 Turyshev A.K. Mashhyr-Zhysip shygarmalaryndagy mifologijalyk leksika. Monografiya. – Pavlodar : Kereku, 2008. – 3 tom. – 116 b.
- 9 «Ujnama» 103 buma, 91 bajan.
- 10 Veselovskij A. N. Istorija romana i povesti. – SPb.: slavjano-romanskij otdel, 1888. – Vyp. 2. –307-315-bb.
- 11 Geredot, Tarih. IV.105.
- 12 Uash Minzhy, Uan Binhua. Audargan N. Muhametkanyly. Yjsin turaly zertteu. – Kyjtyñ: Ile halyq baspasy, 2009. 344 b.
- 13 余太山: 《古族新考》，北京，中华书局. – 2000年. – 6月。
- 14 «Zhounama» 50 buma, 42 bajan, tyrik.
- 15 Shjue Zynzhyn «Tyrik tarihy» kytajsha. Bejzhin: Kytaj gumanitarlyk gylymdar baspasy, 1992. – 49-51 bb.
- 16 A. Sejdimbektin filologija gylymdarynyn doktory gylmi darezhesin alu yshin dajyndalghan dissertacijasynyn avtoreferatynan.
- 17 《史记·五帝本纪》。
- 18 唐·司马贞《史记索隐·卷一》。
- 19 王国维: 《鬼方昆夷狻猊考》。
- 20 余太山: 《古族新考》，中华书局. – 2000年。
- 21 韦注。
- 22 余太山: 《古族新考》，中华书局. – 2000年，北京. – 89页。
- 23 范文澜: 《中国通史简编》第一卷。
- 24 Йү тайшан: «Байырғы ұлысты тыннан зерттеу», Бейжиң , Жүңхуа шужүй, 2000. 99-103 б..
- 25 唐·司马贞《史记索隐·卷一》。
- 26 Kymaryly Ja. Gyn atynyn genezisi turaly // Otan tarihy. – 2009 – №4. – 179-188

bb.

- 27 «Syjnama», 84 buma, 49 bajan, Teriskej tiek – Tүrik.
- 28 Shadyman Ahmet uly: «Kes sozinin jetimologijasy», «Shizhijan Kogamdyk Gylymy». – 2012. – 4 san.
- 29 《北堂书抄》卷十三曹丕引《典论》论汉武帝亦云：《刈单于之旗，探符离之窟》。
- 30 «周书», «北史», «通典», «太平寰宇记» t.b.
- 31 «Tarihi zhazbalar» 123 buma, 63 bajan, Dad-uan.
- 32 《汉书·西域传》。
- 33 Kazakstan tarihy. Kone zamannan byginge dejin. Bes tomdyk. – Almaty: Atamyra, 2010. Birinshi tom. – 248 b.
- 34 余太山:《古族新考》，北京，中华书局。 – 2000年。 – 53-76页。
- 35 «Ханнама батыс өңір шежіресі», 66-тарау.
- 36 [美]朱学渊:《中国北方诸族的源流》，北京，中华书局，2002年5月。
- 37 «Ujnama» 103-buma, 91-bajan.
- 38 «Ujnama» 103 buma, 91 bajan.
- 39 «Syjnama», 84 buma, 49 bajan, Teriskej tiek – Tүrik.
- 40 Kljashtornyj S.P. «Кјне түрки runikalық zhazuymen zhazylgan кыlyptastар», кытајша, Harbin, Hilonzhijan oku-agartu baspasy, 1991. 16-, 26-, 27 bb.
- 41 «Zhounama» 50-tarau. «Syjnama» 84-tarau.
- 42 Mahmyt Kashkari: «Tүрки тilder sozdigi», yjgyrsha, Yrimzhi, Shinzhan halyk baspasy, 1983. – 1tom. – 455 b.
- 43 Tenishev E.R. «Tүрик тilderin үjrenuge kirispe», кытајша, Bejzhin, Кытај гуманитарлык gylymdar baspasy, 1982. – 3-4 b.
- 44 Bartol'd V.V. «Orta Azijadagy halyktardyn tarihy zhonindegi on eki lekcija», кытајша, Bejzhin, Кытај гуманитарлык gylymdar baspasy, 1984. – 29 b. Ma Chanshu: «Tүrkiler zhane түрки kagandygy», кытајша, Shanhaj, Shanhaj halyk baspasy, 1957. birinshi беттеgi ① eskertu.
- 45 Shue Zynzhyn: Tүрки tarihy / Bejzhin, Кытај гуманитарлык gylymdar baspasy, 1992. – 13-b
- 46 Olzhas Sylejmenov. Az i Ja. – Almaty: Enbek sauda-sattyk yji, 1992. – 253 b.

ЯСИН КУМАРУЛЫ

(писатель, общественный деятель, Китайская Народная Республика, г. Урумчи)

ГРИФОН, ТОТЕМ ВОЛКА И НЕБО – САКИ, ГУНЫ, УСУНИ, ТЮРКИ И ТОТЕМ ВОЛКА

Резюме

В статье рассматриваются такие понятия, как «грифон», тотем волка, небо и их

родственность, а также исследуется тотемы волка у саков, гуннов, тюрков и имена связанные с этим явлением.

Ключевые слова: тюрки, саки, гуны, усунь.

YASSIN KUMARULY

(writer, public man, the People's Republic of China, Urumqi city)

**GRIFFIN, WOLF TOTEM AND SKY – SAKS, HUNNS, USUNS, TURKS
AND THE WOLF TOTEM**

Summary

In this paper the author considers such concepts as “griffin”, totem of wolf, sky and their relation. In addition the author researches the totems of wolf at Saks, Hunns, Turks and the names connected with this phenomenon.

Keywords: Turks, Saks, Hunns, Usuns.